

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 маусымдағы N 555 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18; 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 237-1-баппен толықтырылсын:

"237-1-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің

1. Құрылыс салушының Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің құрылыс салушы туралы және құрылыс объектісі туралы ақпараттың мазмұнына қатысты талаптарын, сондай-ақ оны жариялау және тарату тәртібін бұзуы не құрылыс салушының дәл емес, толық емес немесе жаңылыстыратын ақпаратты таратуы немесе жариялауы - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Құрылыс салушының уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген мәліметтер мен есепті ұсынбауы не олардың дұрыс емес мәліметтер мен есепті ұсынуы - заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 541-баптың бірінші бөлігінің "237" деген сандардан кейін ", 237-1," деген сандармен толықтырылсын;

3) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының қырық бесінші абзацындағы "236," деген сандардан кейін ", 237-1," деген сандармен толықтырылсын.

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар, N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 14, 107-кұжат; N 15, 124, 128, 139-кұжаттар; 2004 ж., N 2, 9-кұжат; N 5 27-кұжат; N 10, 54-кұжат; N 14, 82-кұжат; N 15, 86-кұжат; N 16, 91-кұжат; N 17, 98-кұжат; 2005 ж., N 7-8, 23-кұжат; N 11, 37-кұжат; N 14, 55, 58-кұжаттар; N 23, 104-кұжат; 2006 жылғы 17 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 13 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудиторлық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы) :

9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшалай қаражатын тарту есебінен тұрғын үй ғимараттарын салуды ұйымдастыру

ж ө н і н д е г і

қ ы з м е т ; " .

3. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-қ ұ ж а т ) :

65-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы тараудың ережелері, егер Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінде өзгеше белгіленбесе, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу үшін жеке және заңды тұлғалардың ақшалай қаражатын тартуға байланысты қатынастарға қолданылады."

**2-бап.** Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*